



Астана, Парламент Мәжілісі

201__ ЖЫЛҒЫ “_____” _____

№ _____

Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года

№ _____

2016 ж. 18 қаңтар жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары
И.Н.Тасмағамбетовке**

Депутаттық сауал

Құрметті Иманғали Нұрғалиұлы!

Еліміздегі соңғы жылдары жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Аталған санаттағы балалар тәрбиесіне ұлт мүддесі тұрғысынан көңіл бөлу, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күн талабы.

Жастай үзілген жандардың артында еңіреп аяқтанбаған ұрпағы қалатыны рас болса, қазіргі заманда жетімнен тастанды бала көп екені де өмірдің ащы шындығы.

«Жетім көрсең, жебей жүр» деген дана бабаларымыз жетім-жесірін ешқашан жылатпаған. Елімізде бүгінгі күні бұл мәселені оңтайлы шешу үшін барынша жағдай жасалып отыр. Оларды жан-жақты қолдайтын заң да бар, қаржы да аямай бөлінуде. Жетімдер үйін аралап жүріп бұған көзіміз әбден жетті. Бірақ, қамкөңіл жандардың мәселесі толық шешілді деп айтуға болмайды.

Ата-ана қамқорлығынан айырылған әрбір бала отбасында тәрбиеленуі тиіс. Бұл тұрғыда жетім балаларға жаңа мүмкіндіктер мен жаңа отбасын сыйлайтын отбасы үлгісіндегі балалар үйінің маңызы зор.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңының 27 бабында көмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квоталар белгілеу қарастырылған. Осыған байланысты облыстардағы білім басқармалары мен жұмыспен қамту орталықтары еңбек нарығын сараптап, жетім және ата-ана қамқорлығынан айырылған жастарды

жұмыспен қамтуға жыл сайынғы квота белгілеу үшін өздерінің ұсыныстарын әзірлеуі тиіс. Осы квота арқылы жетімдердің жұмысқа орналасуын қатаң түрде қадағалау қажет деп санаймыз.

Осыған байланысты, құрметті Иманғали Нұрғалиұлы, Сізден жетім және ата-ана қамқорлығынан айырылған жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал жасауыңызды және осы мәселеле бойынша «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Нұр Отан» партиясы
фракциясының мүшелері**

Г.Шиповских

А.Ералиев

Г. Щегельский

З. Балиева

Б. Хаменова

И. Смирнова

*Орындаған Р.Құдияров
74-63-50*